

«ЗАҢИР БАЙБАРЫС СИРАСЫ» ХАЛЫҚ РОМАНЫ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ТҮРКИЗМДЕР

Қыдырбай Қалдыбай Арыстанбекұлы

PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті
Алматы қ., Қазақстан

Бекжанқызы Үміт

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті
Алматы қ., Қазақстан

الرّواية الشعبيّة «سيرة الظّاهر بيبرس» والكلمات التركيّة الدخيلة فيها

қидирбай қалдыбай арыстанбекұлы

دكتوراة
الجامعة المصريّة للثقافة الإسلاميّة نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

بيكجان قيزي اوميت

الجامعة المصريّة للثقافة الإسلاميّة نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

THE FOLK NOVEL SIRAH OF ZAHIR BAYBARS AND THE TURKISMS WITHIN IT

Qydyrbay Qaldybay Arystanbekuly

PhD, Nur-Mubarak Egyptian University
of Islamic Culture
Almaty, Kazakhstan

Bekzhankyzy Umit

Nur-Mubarak Egyptian University
of Islamic Culture
Almaty, Kazakhstan

НАРОДНЫЙ РОМАН «СИРА ЗАХИРА БЕЙБАРСА» И ТЮРКИЗМЫ В НЁМ

Қыдырбай Қалдыбай Арыстанбекұлы

PhD, Египетский университет
исламской культуры Нур-Мубарак,
г. Алматы, Казахстан

Бекжанқызы Умит

Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарак,
г. Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Қазақ тіліндегі кірме сөздер, соның ішінде араб, парсы тілдерінен енген сөздер отандық ғылымда кеңінен зерттелді деуге болады. Ал араб тіліндегі түркізмдер, яғни түркі тілдерінен енген кірме сөздер – отандық ғалымдар тарапынан зерттелмеген салалардың бірі. Біз бұл мақалада Мысыр мен Шамға, Хижазға 1260-1277 жылдары аралығында 17 жыл билік жүргізген, қыпшақ даласынан шыққан Байбарыс сұлтанның өмір жолын баян ететін, араб ауыз әдебиетіндегі көрнекті шығармалардың бірі «Заһир Байбарыстың өмірбаяны» атты халық романындағы түркі кірме сөздерін қарастыратын боламыз.

Бұл романның таңдалу себебі шығармада мысыр диалектісі көбірек қолданылған. Ал кірме сөздер араб әдеби тіліндегі шығармалардан гөрі, араб диалектілерінде, халықтың ауыз-екі тілдерінде жазылған шығармаларда көбірек қолданылады. Сонымен қатар бұл шығарма – бірнеше тілге аударылғанымен, аз зерттелген еңбектердің бірі. Шығармадағы түркі кірме сөздерін қарастыру арқылы көрші халықтардың араб елдеріне, араб тіліне әсері қаншалықты дәрежеде болғанын анықтауға болады. Бұл зерттеу жұмысының маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: Заһир Байбарыс, роман, кірме сөздер, мәмлүк, түркізмдер.

الملخص: يمكن اعتبار الكلمات الدخيلة في اللغة الكازاخية، بما في ذلك الكلمات المقترضة من العربية والفارسية، بأنها درست بشكل واسع في العلوم المحلية. ومع ذلك، فإن التركية في اللغة العربية، أي الكلمات المقترضة من اللغات التركية، تبقى واحدة من المجالات التي لم تحظ بالبحث الكافي من قبل العلماء المحليين. في هذه المقالة، سنستعرض الكلمات الدخيلة التركية في الرواية الشعبية «سيرة الظاهر بيبرس»، وهي واحدة من الأعمال البارزة في الأدب الشعبي العربي التي تسرد حياة السلطان بيبرس، الذي حكم مصر والشام والحجاز لمدة 17 عامًا بين 1260 و1277 والذي يعود أصله إلى سهوب القبلات. تم اختيار هذه الرواية لأن اللهجة المصرية تُستخدم بشكل أكثر في العمل. الكلمات الدخيلة تُستخدم بشكل أكبر في الأعمال المكتوبة باللهجات العربية وفي اللغة المحكية، أكثر من الأعمال المكتوبة باللغة العربية الفصحى. رغم أن هذه الرواية تُرجمت إلى عدة لغات، إلا أنها لا تزال من الأعمال التي لم يتم دراستها بشكل كافٍ. من خلال استعراض الكلمات الدخيلة التركية في هذه الرواية، يمكننا تحديد مدى تأثير الشعوب المجاورة على البلدان العربية وعلى اللغة العربية، مما يبرز أهمية هذا البحث.

الكلمات المفتاحية: الظاهر بيبرس، رواية، كلمات دخيلة، مماليك، تركية.

Abstract. Borrowed words in the Kazakh language, including those from Arabic and Persian, can be considered widely studied in domestic science. However, Turkisms in the Arabic language, i.e., borrowed words from Turkic languages, remain one of the under-researched areas by domestic scholars. In this article, we will examine Turkic loanwords in the folk novel «Biography of Zaher Baybars», one of the prominent works of Arabic oral literature, which narrates the life of Sultan Baybars, a Kipchak steppe native who ruled Egypt, Sham, and Hijaz for 17 years between 1260 and 1277.

The reason for choosing this novel is that the Egyptian dialect is used more frequently in the work. Loanwords are more commonly found in works written in Arabic dialects and in the spoken language of the people, rather than in works in the Arabic literary language. Additionally, although this work has been translated into several languages, it remains one of the less-studied works. By examining the Turkic loanwords in this novel, we can determine the extent of influence neighboring peoples had on Arab countries and the Arabic language, highlighting the significance of this research work.

Keywords: Zaher Baybars, novel, loanwords, Mamluk, Turkisms.

Аннотация. Заимствованные слова в казахском языке, в том числе из арабского и персидского языков, можно считать широко исследованными в отечественной науке. Однако тюркизмы в арабском языке, то есть заимствованные из тюркских языков слова, остаются одной из малоизученных областей отечественными учеными. В данной статье мы рассмотрим тюркские заимствования в народном романе «Биография Захира Байбарса», одном из значительных произведений арабского устного творчества, которое повествует о жизненном пути султана Байбарса, выходца из степей Кипчака, правившего Египтом, Шамом и Хиджазом в течение 17 лет с 1260 по 1277 годы.

Выбор этого романа обусловлен тем, что в нем чаще используется египетский диалект. А заимствованные слова встречаются больше в произведениях, написанных на арабских диалектах, в народной устной речи, нежели в произведениях на литературном арабском языке. Кроме того, хотя это произведение переведено на несколько языков, оно остается слабо изученным. Рассмотрение тюркских заимствований в этом произведении позволяет определить степень влияния соседних народов на арабские страны и арабский язык. Это подчеркивает важность данного исследования.

Ключевые слова: Захир Байбарс, роман, заимствованные слова, мамлюк, тюркизмы.

Кіріспе. Жалпы түркілер мен араб әлемі арасында орта ғасырлардан бері мәдени, саяси, экономикалық байланыс орнаған. Байланыс болған жерде араб әлемінің түркілерге, керісінше түркілердің араб әлеміне әртүрлі деңгейде әсері болатыны белгілі. Сондай әсердің бірі тілдік әсер деуге болады. VIII-IX ғасырларда түркі даласына ислам дінінің келуімен түркі тілдеріне араб сөздері енді. Түркілердің араб әлеміне Мәмлүк-қыпшақ сұлтандығы (1250-1517 ж.) кезінде 267 жыл, Осман сұлтандығы (1517-1924 ж.) кезінде 407 жыл, барлығы 674 жыл билік жүргізгені тарихтан мәлім.

Тегі қыпшақ Сұлтан Захир Байбарыс араб жұртын, жалпы ислам әлемін моңғол шапқыншылығы мен крест жорықтарынан аман алып қалғаны белгілі. Бұл тұлға араб әлемінде жоғары құрметке ие. Сұлтанның ерлігін дәріптейтін көптеген аңыз, көркем шығарма, фильм, т.б. туындады. Солардың бірі – бес томдық «Захир Байбарыстың өмірбаяны» (سيرة الظاهر بيبرس) халық романы. Роман желісі мәмлүктер кезеңінің белгілі тарихшысы

Ибн Ийастың тарихи еңбектері негізінде жасалған. Роман бірнеше тілге аударылғанымен, ғылыми тұрғыда толыққанды зерттелмеген. Біз бұл жұмысымызда романның бірінші томындағы кірме сөздерді қарастыратын боламыз.

Біз мақаламызда сұлтанның есімін Байбарыс деп береміз. Өйткені Бейбарыс, Бибарыс нұсқалары қате нұсқалар екенін, ал Байбарыс нұсқасы дұрыс екенін отандық ғалымдар Сұлтанның көзі тірісінде өзі салдырған Каир қаласындағы мешіттің қақпасында және күмбезінің ішіндегі екі тақтайшадағы жазулар (Сәки, 2010: 224) және орта ғасырларда мәмлүк қыпшақтары тарапынан жарық көрген Қыпшақ-араб сөздігінің қолжазбасы (2) негізінде ғылыми тұрғыдан толық дәлелденген болатын.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Аббасилердің екінші кезеңінде (IX ғ.) әскер күші ретінде Мәуереннаһр аумағынан алынған түркі әскерлері (мәмлүктер), Мәмлүк-қыпшақ сұлтандығы (1250-1517 ж.) мен Осман сұлтандығы

(1517-1924 ж.) кезеңінде түркілер, географиялық тұрғыда көрші орналасқан парсылар және тарихтың әртүрлі кезеңінде еуропалықтар арқылы араб тіліне көптеген кірме сөз енді. Осы уақытқа дейін араб тіліндегі парсы және еуропа тілдерінен енген кірме сөздерге қатысты біршама зерттеулер жасалғанымен, араб тіліндегі түркізмдерге кеңінен зерттеу жасалмай келеді. Араб тіліндегі кірме сөздерді зерттеу арқылы олардың өзге халықтармен қаншалықты дәрежеде байланысы болғанын, кірме сөздердің қай салаға жататынына қарап, өзге халықтардың араб әлеміне қай салада әсері көбірек болғанын бағамдауға болады.

Біз бұл мақалада араб әлеміне танымал «Заһир Байбарыстың өмірбаяны» (سيرة الظاهر بيبرس) атты халық романындағы кірме сөздерге тоқталатын боламыз. Бұл халық романын таңдаған себебіміз, шығарма – біріншіден, Мысыр мен Шамға, Хижазға 1260-1277 жылдар аралығында 17 жыл билік жүргізген, қыпшақ даласынан шыққан Сұлтан Байбарыстың өмір жолын баян ететін көркем туынды. Екіншіден, бұл романда Мысыр диалектісі көбірек қолданылған. Өйткені кірме сөздер әдеби тілге қарағанда халықтың ауыз-екі тілінде көбірек сақталған. Үшіншіден, бұл роман – бірнеше тілге аударылғаны болмаса, аз зерттелген шығармалардың бірі. Араб елдеріне, араб тіліне көрші халықтардың әсерін анықтау үшін бұл еңбектегі кірме сөздерді зерттеу өзекті жұмыстардың бірі саналады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі және дереккөзі

«Заһир Байбарыстың өмірбаяны» романы араб тілінен бірнеше тілге аударылған. Солардың негізгісі – И. Фильштинскийдің «Жизнеописание Султана Аз-Захира Бейбарса» (3) көркем аударма-

сы. Отандық ғалымдар Ы. Палтөре мен Қ. Садыбаевтың «Сұлтан Заһир Байбарыстың өмірбаяны» (Палтөре, Садыбаев, 2016) атты романның бірінші томына жасған аудармалары. Байбарыс өміріне қатысты библиографиялық қиссаларға ең алғаш зерттеу жасаған Абдулхамид Юнус болды. 1958 жылы «Халық ауыз қиссаларындағы Заһир Байбарыс» (الظاهر بيبرس في القصص الشعبية) (Абдул Хамид, 1958) атты еңбегі жарық көрді. Еңбекте «Сұлтан Заһир Байбарыстың өмірбаяны» халық романына кеңінен тоқталып, оның құрылымы туралы: «Роман біріне-бірі кірігіп, бірігіп кеткен бес элементтен тұрады. Олар күрд әюбилері, әз-Захир Байбарыс, әл-фидәуилер, теңіз әмірлері және мифтер» (Абдул Хамид, 1958: 13), – деген. Ал 1995 жылы Жәмал әл-Ғитанидың басшылығымен «Заһир Байбарыс өмірбаяны» (سيرة الظاهر بيبرس) (Бейбарыс, 1995) халық романы толық үлгіде 5 томдық кітап болып баспадан шықты. Ал аталған бес томдық романдағы кірме сөздер – осы уақытқа дейін зерттелмеген тың тақырып.

Негізгі бөлім

Роман желісі мәмлүк тарихшысы ибн Ийастың (1448-1524) еңбегіне негізделген (Ибн Иас, 1311). Мысырда бірнеше жыл тұрып, Мысыр халқының дәстүрі мен өмір салтын зерттеген ағылшын шығыстанушысы Эдвард Лейн (1801-1876) «Заһир Байбарыстың өмір жолы» романының XIX ғасырдың бірінші ширегінде халық ауыз әдебиетіндегі әйгілі шығарма болғанын айтады (Lane, 1836). Басқа еуропалық француз ғалымы Клот-бей 1840 жылы Мысыр еліне қатысты екі томдық «Description de l'Égypte, Imprimerie Impériale» атты сипаттамалы еңбек жазады. Соның бір бөлімінде халық ауыз әдебиетіндегі Байбарыс рома-

нының танымалдығын ерекше атап өтеді (Clot, 1829). Балалық шағын ауылда өткізген, XX ғасырда өмір сүрген Мысыр жазушысы Таһа Хусейн өзінің «Күндер» естелігінде Байбарыс сирасы халық романы жергілікті қиссашылар тарапынан ауыл тұрғындарына жиі оқылатын сүйікті шығармалардың бірі болғанын атап өтеді (9291, нйесуX аһаТ).

Роман кейіпкерлерінің көпшілігі – шынайы тарихи тұлғалар. Оқиғалар желісі қамтылған дәуірдегі тарихи жағдайларға көбірек сәйкес келеді. Өйткені зерттеушілер романға жазба деректер, тарихи шығармалар, шежірелер қолданылғанын айтады. Роман Байбарыс сұлтанның хатшысы Мухиддин ибн Абдуззаһир (1223-1292) (Мухиддин, 1291), әл-Макризи (1364-1442) (әл-Марқизи, 1441) және ибн Тағри-Берди (1409-1470) (ибн Тағри-Берди, 1479) секілді Мысыр тарихшыларының еңбектеріне негізделген, тіпті қазіргі күнімізге дейін сақталмаған басқа да ұқсас шығармалардан алынуы ықтимал.

Библиографиялық шығарманың бас жағында «мұны әд-Динари, әд-Дуәйдарилер жазған» (Бейбарыс, 1995: 11) деген жолдар бар. Алайда Абуд Атия бұл аталған кісілер шығарманың алғашқы бастамашылары болғанына, шығарма Байбарыстың өз заманында немесе өмірден өткеннен кейін аз уақытта, яғни XIII ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастағанына ондаған дәлел келтіреді. Солардың бірі – Мысыр мен Шам жерінде қолданылған ақша атаулары. Мысалы, Байбарыс заманында динар мен дирһам, накра мен фулус атаулары қолданылған. Ал шығармада осы атаулармен қатар шәриффи (الشريفی) атауы кездеседі. Ал ақшаның бұл атауы Байбарыстан бірнеше жыл кейін билікке келген әл-Әшраф Халил мен әл-Әшраф Шағбан соқтырған ақ-

шаларға қолданылған. Шығарманың кей жерлерінде венециялық алтын монеталарға айтылатын дәуакит ((دواقيت), диқақа ((دقاقة)) атаулары да кездеседі. Ал ақшаның бұл атауы Мысырға Байбарыс сұлтанның соң бір жарым ғасырдан кейін билікке келген бүржилердің, яғни шеркес мәмлүктердің тұсында енген. Сонымен қатар шығармада «بيبرس دفع مئة وخمسين عثمانيا» (ауд. Байбарыс жүз елу османи төледі) деген жолдар бар. Ал ақшаның османи атауы Мысырға мәмлүк сұлтандығы құлағаннан кейін османлылар билікке келген кезеңде енген. Шығарманың әдеби стилі мен тілі, кісі есімдері, ақша атаулары, т.б. факторлар қазіргі қолда бар нұсқаға жету үшін үш ғасырдан аса, тіпті одан көп жыл өткенін байқауға болады. Бұл шығарма авторы жекелеген адамдар емес, халық болғанына дәлел. Ал романдағы мысыр диалектісі, мысыр халқы тіліндегі сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер, шығарманың Мысыр жерінде туындағанын, мысыр халық ауыз әдебиетінің жауһары екенін байқатады (15).

Енді романның бірінші томындағы кірме сөздерге тоқталайық:

فلما سمع الاغا شاهين «الأغا»: Романда бұл сөз «ذلك الأمر المفيد فرح الفرح الشديد» (Бейбарыс, 1995: 48) деген жолдарда келген. Аудармасы: «аға Шәһин сол пайдалы іс туралы естігенде қатты қуанды».

Түрік ғалымдарының зерттеуінше бұл сөздің мағынасы орта ғасырлардағы ескі қыпшақ сөздіктері Кодек Куманикус (Codex Cumanicus) пен әл-Қауанин әл-Күллия ли-Забт әл-Лұғат әт-Түркия еңбектерінде көрсетілген. Мағынасын ağabeу, büyük erkek kardeş (Toparlı, 2007: 3) (ауд. аға, жасы үлкен ер бауыр) деп берген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мағыналарын «1. Ағайынды адамдардың жас жағынан үлкені. 2. Жасы үлкен ер адам. 3. Жетекші, ақылшы, басшы. 4. Қы-

змет дәрежесі жоғары адам» (Жанұзақов, 2008:15) деген. Демек, ескі қыпшақ тіліндегі мағынасы мен қазіргі қазақ тіліндегі мағынасында алшақтық жоқ. Мәмлүктер дәуіріне қатысты терминдер сөздігінде Аға сөзіне:... «تعني بالتركية الشرقية: الأخ الأكبر، وفي اللغة التركية العثمانية: الرئيس أو الشيخ. أما في الاصطلاح، فقد أعطيت كلقب لصغار ضباط الجيش إلى رتبة يوزباشي - (رئيس مئة)، ولذلك أطلق لفظ أغا على خصيان القصر السلطاني، وعلى شيوخ القبائل» (Аббас, 1999: 11) (ауд. шығыс түрік тілінде үлкен бауыр, парсы тілінде сәид (мырза), османлы түрікшесінде басшы немесе шайқы деген мағыналарды береді. Ал терминдік мағынасы кіші әскери шенділерден жүзбасы дәрежесіне дейін беріледі. Сондықтан да Аға лақап аты сұлтан сарайының қызметкерлеріне, тайпа шайқыларына берілген) деген анықтама берілген.

Демек, романда келген мағынасы түркі тілдеріндегі мағынасында қолданылып тұр.

Шауыш : Бұл сөз романда: «وصاح شاویش الديوان وهو لا يخاف الموت» (Бейбарыс, 1995: 582) (ауд. Диуан шәуиші өлімнен қорықпастан айғай салды) деп келген.

Ескі қыпшақ тілі сөздіктерінде кездеспейді. Мәмлүктер дәуіріне қатысты терминдер сөздігінде бұл сөздің түрік сөзі екені көрсетіп, оған «من جاوش...» في الاصطلاح فإن الجاوشية في العهد الأيوبي هم مجموعة من الجند مهمتهم استنفار الجنود أوقات الحرب. والجاوشية عند المماليك هم أربعة جنود يمشون أمام السلطان في المواكب وكذلك وجد هذا المنصب في دولة الغزنويين والقرخانيين والسلاجقة. أما في العهد العثماني فقد كانت بداية عهد الجاوشية السعي بين يدي السلطان أو الحاكم، ليفسح له الطريق، وهم يصرخون «دور باش» أي ابتعد. ومع الزمن كثرت مهامهم وغدوا من أهم رجال الدواوين والإدارة العثمانية. وقد كان من مهماتهم حمل البريد، وكانوا الأدلاء في مسير الجيوش. وكذلك أوكلت إليهم مهام جاسوسية وتجسسية. وعهدت إليهم أيضا مهمة تنفيذ الأحكام السرية والعلنية. وكان أصحاب الزعامات

«من الجاوشية يرسلون لتحميل الضرائب من الولايات» (Аббас, 1999: 61) деген анықтама берген. Анықтаманың аудармасы: жауыш сөзімен бірдей. ... терминдік мағынасы, әюбилер кезеңіндегі шәуиштер соғыс уақытында жауынгерлерді жұмылдыру қызметін атқаратын топ болған. Мәмлүктер кезеңінде шәуиштер сұлтанның алдында шерумен төрт жауынгер болып жүретін. Бұл қызмет ғазнауи, қарахан, салжұқ елдерінде де болған. Ал османлылар кезеңінде шәуиштік қызмет сұлтанның немесе басшының алдында жүгіріп «дүр баш» (ары қаш) деп айқайлап, жол ашып жүру қызметіне ұласты. Уақыт өте келе атқаратын міндеттері артып, османлы басқармасы мен әкімшілігінің маңызды тұлғаларына айналды. Олардың міндеттеріне хат тасу, әскери жорықтарда жол көрсетуші, сонымен қатар тыңшылық ету тапсырмаларына қоса, құпия және жария міндеттерді орындау жүктелді. Өңірлерден салық жинау қызметі де соларға жүктеледі.

Бұлақ : Бұл сөз халық романында Каир қаласындағы жер атауы ретінде қолданылған. Мысалы: «وقال له سر بنا إلى بولاق لأني» (Бейбарыс, 1995) (ауд. Оған: «Бізбен бірге Бұлаққа жүр, өйткені мен бүгін серуендегім келіп тұр», –деді).

Мәмлүктер тарапынан жазылған «Тәржұман» сөздігінде бұл сөзге «بولاق:» «بولاق, көл деп те айтылады, көз, судың көзі» деген мағына берілген (19, 47). Ал Кодекс Куманикус сөздігін зерттеген түрік ғалымдары *kaupak* (Toparlı, 2007: 37) (ауд. бұлақ) деген мағына берген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Басы бастаудан басталып, баяу ағатын кішігірім су» (Жанұзақов, 2008: 152) деп түсіндірген.

Бирақ : Бұл сөз (бірінші томда) көпше түр формасында кездескен: «وعلى أكتافهم» (Бей-البيارق الإسلامية مكتوب عليها اسم رب البرية

барыс, 1995: 278) (ауд. Иықтарында жаратушының есімі жазылған ислам байрақтары бар).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мағынасын «жалау, ту» (Жанұзақов, 2008: 99) деген.

وضع: бұл сөз халық романында «كل قرطاس في قران واطبق عليهم الغطايات» (Бейбарыс, 1995) (ауд. қағаздың бәрін қазанға салып, оларға қақпақтарын жауып қойды) деп қолданылған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «тамақ пісіруге арналған үлкен шойын ыдыс» (Жанұзақов, 2008: 450) деп түсіндірген. Орыс тіліндегі сөздікте «Большой котел для приготовления пиши. Тюрк казан» (Евгеньева, 1986: 13) деп, орыс тіліне түркі тілдерінен енген сөз екенін көрсеткен.

Қорытынды

Араб халқы ғасырлар бойы көптеген халықпен әртүрлі салада байланыста болғандықтан, араб тілі лексикасына әртүрлі тілден көптеген кірме сөз еніп, араб тілінің лексикасын байытты.

Аббасилердің екінші кезеңінде Мұғтасым Билләһи халифа (IX ғ.) тұсынан бастап Мәуереннаһр өңірінен алдырған түркі әскерлері (мәмлүктер), XIII-XVI мәмлүк-қыпшақ сұлтандығы мен XVI-XX ғасырлардағы Осман сұлтандығы кезеңінде араб тіліне түркі тілдерінен көптеген сөз енді.

Түркі тілдерінен енген сөздер көбінесе араб тілінің морфологиялық және фонологиялық ерекшеліктеріне сәйкес бейімделді.

Араб тіліне енген сөздер көбінесе енуші сөз тілі халқының мәдениеті мен тарихынан хабар береді. Мысалы, түркі тілдерінен енген сөздер күнделікті тұрмысқа қоса, көбінесе әскери лауазымдар мен қару-жарақтарға қатысы болды. Мысалы, романда кездескен شلويش (шәуиш) сөздері әскери және әкімшілік атақты білдірсе, романның бірінші томында кездеспесе де, жалпы араб тіліне енген طومان (тұман) – түмен, أونباشي (онбашы) – онбасы, يوزباشي (йүзбашы) – жүзбасы, т.б. сөздер әскери салаға қатысты сөздер.

«Заһир Байбарыстың өмірбаяны» шығармасы – Байбарыс сұлтан тұсынан XX ғасырға дейін халық ауызында айтылған туынды. Жоғарыда көрсеткеніміздей, оған араб ғалымдарының дәлелі де жеткілікті. Сондықтан шығармадағы (роман) түркизмдерді зерттеу XIII ғасырдың орта кезінен бастап XX ғасырға дейінгі араб және түрік халықтарының мәдени және тілдік байланыстарын ашуға мүмкіндік береді.

Бұл мақаламызда бес томдық «Заһир Байбарыстың өмірбаяны» шығармасының (романы) 1-томы негізінде түркі тілдерінен араб тіліне енген кірме сөздердің мағынасын ашып және олардың араб тілінде қалай қолданылып жүргенін анықтадық. Мұндай тілдік алмасуларды зерттеу араб тілінің даму тарихын, өзге халықтар мен олардың мәдениетінен қаншалықты әсер алғанын анықтауға септігін тигізетін болады.

Әдебиеттер

1. Сәки Қ. Бейбарыс па, Байбарыс па, Бибарыс па? // Сұлтан Бейбарыс. Жинақ / Құраст.: Ғ. Өнес, С. Бекбосынов / Толықтырылған, екінші басылым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 344.
2. طه حسين. الأيام. - دار المعارف، 1929. – 355 ص.
3. محي الدين بن عبد الظاهر. الروض الزاهر في سيرة الملك الظاهر. - دار الصفاء، 1291. – 576 ص.
4. تقي الدين أحمد بن علي المقرئ. كتاب السلوك لمعرفة دول الملوك. - دار الكتب العلمية، 1441. – 400 ص.
5. أبو المحاسن ابن تغري بردي. النجوم الزاهرة في ملوك مصر والقاهرة. - دار الكتب العلمية، 1479. – 300 ص.
6. سيرة الظاهر بيبرس. المجلد الأول. القاهرة، 1995 م. – 776 ص.
7. عبود عطية. السيرة الشعبية للظاهر بيبرس. مختارات من مجلة العربي / <http://www.3rbi.info/Article.asp?ID=4040>
8. Recep Toparlı, Hanifi Vural, Recep Karaatlı. Kıpçak Türkçesi sözlüğü. – 2.bsk. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2007. – 338.
9. Т. Жанұзақов Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968.
10. عباس صباغ، حسان حلاق. المعجم الجامع المصطلحات الأيوبية والمملوكية والعثمانية ذات الأصول العربية. والفارسية والتركية (المصطلحات الإدارية والعسكرية والسياسية والاقتصادية والاجتماعية والعائلية). – الطبعة الأولى. - دار العلم للملايين، 1999. – 244 ص.
11. Китаб мажмуғ тәржұман түркі уә ажами уә фәриси. – Мысыр, XIII ғ. Қыпшақ-араб сөздігінің қолжазбасы. – Лейден кітапханасы қоры.
12. Қыдырбаев Қ.А. Бейбарыс, Байбарыс, Бибарыс нұсқаларының дұрысы қайсы және этимологиясы қандай? (1245 жылы жарық көрген қыпшақ-араб сөздігінің қолжазбасы негізінде) // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. – Астана, 2016. – №1 (110).
13. Евгеньева А. П. Словарь русского языка. – Москва: Русский язык, 1986. – II том. – 736.
14. Фильштинский И. Жизнеописание Султана Аз-Захира Бейбарса (Текст): роман / предисл. и коммент. – М.: (б. и.), 1975. – 316. – 73 к.
15. Палтөре Ы., Садыбаев Қ. Сұлтан Заһир Бейбарыстың өмірбаяны. – Астана: «Ақ Жайық» баспасы, 2016. – 374.
16. عبد الحميد يونس. الظاهر بيبرس في القصص الشعبية. القاهرة: المكتبة الثقافية، 1958. – 119 ص.
17. سيرة الظاهر بيبرس. 5 مجلدات. القاهرة، 1995 م.
18. ابن إياس. تاريخ مصر او بدائع الزهور في وقائع الدهور. الطبعة الاولى. – بولاق، 1311 هـ.
19. Edward William Lane. An account of the manners and customs of the modern Egyptians. John Murray. – London, 1836. – 618.
20. Antoine Clot. Description de l'Égypte, Imprimerie Impériale. – Paris, 1829. Volume I. – 758.

References

1. Sәki Қ. Bejbarys pa, Bajbarys pa, Bibarys pa? // Sұltan Bejbarys. Zhinak / Құраст.: Ғ. Өнес, S. Bekbosynov / Tolyktyrylған, ekinshi basylym. – Almaty: «Arys» baspasy, 2010. – 344.
2. طه حسين. الأيام. - دار المعارف، 1929. – 355 ص.
3. محي الدين بن عبد الظاهر. الروض الزاهر في سيرة الملك الظاهر. - دار الصفاء، 1291. – 576 ص.

4. تقي الدين أحمد بن علي المقرئ. كتاب السلوك لمعرفة دول الملوك. - دار الكتب العلمية، 1441. - 400 ص.
5. أبو المحاسن ابن تغري بردي. النجوم الزاهرة في ملوك مصر والقاهرة. - دار الكتب العلمية، 1479. - 300 ص.
6. سيرة الظاهر بيبرس. المجلد الأول. القاهرة، 1995 م. - 776 ص.
7. عبود عطية. السيرة الشعبية للظاهر بيبرس. مختارات من مجلة العربي. <http://www.3rbi.info/Article.asp?ID=4040>
8. . Recep Toparlı, Hanifi Vural, Recep Karaatlı. Kıpçak Türkçesi sözlüğü. - 2.bsk. - Ankara: Türk Dil Kurumu, 2007. - 338.
9. . T. Zhanızaqov Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Almaty: Dajk-Press, 2008. - 968.
10. عباس صباغ، حسان حلاق. المعجم الجامع المصطلحات الأيوبية والمملوكية والعثمانية ذات الأصول العربية والفارسية والتركية (المصطلحات الإدارية والعسكرية والسياسية والاقتصادية والاجتماعية والعائلية). - الطبعة الأولى. - دار العلم للملايين، 1999. - 244 ص.
11. Kitab mazhmuf tərzhıman tırki uə azhami uə fərisi. - Mysyr, HIII f. Kıpshak-arab sözdiginiñ kolzhazbasy. - Lejden kitaphanasy kory.
12. Kydyrbaev Қ.А. Bejbarys, Bajbarys, Bibarys нұсқаларының дырысу қайсы және jetimologijasy қандай? (1245 zhyly zharyk көрген кыпшақ-arab sözdiginiñ kolzhazbasy negizinde) // L.N. Gumilev atyndary EYU habarshysy. - Astana, 2016. - №1 (110).
13. Evgen'eva A. P. Slovar' russkogo jazyka. - Moskva: Russkij jazyk, 1986. - II tom. - 736.
14. Fil'shtinskij I. Zhizneopisanie Sultana Az-Zahira Bejbarsa (Tekst): roman / predisl. i komment. - M.: (b. i.), 1975. - 316. - 73 k.
15. Paltore Y., Sadybaev K. Sıltan Zahir Bejbarystıñ ömirbajany. - Astana: «Ақ Zhajyқ» baspasy, 2016. - 374.
16. عبد الحميد يونس. الظاهر بيبرس في القصص الشعبية. القاهرة: المكتبة الثقافية، 1958. - 119 ص.
17. سيرة الظاهر بيبرس. 5 مجلدات. القاهرة، 1995 م.
18. ابن إياس. تاريخ مصر أو بدائع الزهور في وقائع الدهور. الطبعة الأولى. - بولاق، 1311 هـ.
19. Edward William Lane. An account of the manners and customs of the modern Egyptians. John Murray. - London, 1836. - 618.
20. Antoine Clot. Description de l'Égypte, Imprimerie Impériale. - Paris, 1829. Volume I. - 758.